

№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

БҰЙРЫҚ №2

05.01.2026 ж.

Ақтөбе қаласы

«Өрт қауіпсіздігі тәртібі туралы»

БҰЙЫРАМЫН:

1. №17 «Шұғыла» балабақшасында өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар – **Зеленская О.В.** және **Курамысова Ж.А.** төмендегі міндеттерді орындасын:
 - қойма бөлмелерін тұрақты түрде тексеріп, онда жиһаздардың, жанғыш және жанар-жағар заттардың болмауын қадағалау;
 - қосалқы (авариялық) шығу есіктерінің үнемі ашық әрі жарамды күйде болуын бақылау;
 - балабақша аумағында қоқыс өртеуге жол бермеу;
 - балабақша қызметкерлеріне жылына кемінде 2 рет және жаңа жылдық мерекелер қарсаңында өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқама жүргізу;
 - әр қабатта өрт болған жағдайда балаларды эвакуациялау сызбаларын іліп қоюды қамтамасыз ету.
2. Өрт кезінде өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар орнында болмаған жағдайда тәрбиеленушілер мен қызметкерлерді эвакуациялауды ұйымдастыру міндеті **Әкімшілік кезекшіге** жүктелсін.

Әкімшілік кезекшінің әрекеттері:

- өрт шыққан жағдайда «101» нөмірі арқылы өрт сөндіру қызметіне дереу хабарлау;
 - эвакуациялау жоспарына сәйкес тәрбиеленушілер мен қызметкерлерді қауіпсіз жерге шығару жұмыстарын ұйымдастыру;
 - балабақшаның құжаттары мен бағалы заттарын эвакуациялау шараларын қабылдау;
 - өрт сөндірушілер келгенге дейін қолда бар өрт сөндіру құралдарын пайдалану;
 - өрт сөндіру тобын қарсы алып, өрт шыққан орынға бағыттау.
3. Ертеңгіліктерді, сауықтыру және бұқаралық іс-шараларды өткізуге жауапты тұлғаларға өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау міндеттелсін.
 4. Өрт кезінде эвакуациялауға жауапты келесі қызметкерлер тағайындалсын:
 - 1-кабат – шаруашылық меңгерушісі **Зеленская О.В.**
 - 2-кабат – әдіскер **Курамысова Ж.А.**
 5. Перспективалық жоспарға сәйкес балабақша тәрбиеленушілерімен өрт қауіпсіздігі ережелері бойынша түсіндіру және алдын алу жұмыстарын жүргізу топ тәрбиешілеріне жүктелсін.
 6. Балабақшаның барлық қызметкерлері осы бұйрықтың талаптарын бұлжытпай орындасын.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын

№17 «Шұғыла» б/б меңгерушісі:

Жетилгенова Д.Н.

Бұйрықпен таныстым: _____

№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

БҰЙРЫҚ №5

Ақтөбе қаласы

05.01.2026 ж.

«Өрт қауіпсіздігі шараларын оқытуға жауапты қызметкерлерді тағайындау туралы»

БҰЙЫРАМЫН:

1. Өрт қауіпсіздігі шараларын оқытуды ұйымдастыру және өткізу үшін төмендегі құрамда жауапты қызметкерлер бекітілсін:
 - **Комиссия төрағасы** – Жетилгенова Д.Н., меңгеруші
 - **Комиссия мүшесі** – Курамысова Ж.А., әдіскер
 - **Комиссия мүшесі** – Зеленская О.В., шаруашылық меңгерушісі
2. Жауапты қызметкерлер өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқамаларды (алғашқы, қайталама, жоспардан тыс) белгіленген талаптарға сәйкес жүргізісін және тіркеу журналында рәсімдесін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мекеме меңгерушісіне жүктелсін.

№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі:

 **Жетилгенова Д.Н.**

Таныстым: _____